

Егемен Қазақстан

Шектеулі контингент (Сембай Әбдіқадыров туралы сыр)

Газетіміздің өткен жылғы 4 қыркүйектегі нөмірінде біздің «Жат жерде» атты мақаламыз жарияланған еді. Онда бұрын жабық болып келген тақырып – Кариб дағдарысы кезіндегі Кубаға жіберілген кеңес жауынгерлері, олардың арасындағы қазақ жігіттері туралы айтқанбыз. Иә, 1962 жылғы күзде мұхиттың арғы бетінде күрмеуі көп күрделі жағдай туындаған-ды.



Әлем ядролық соғыс апатының алдында тұрды. Шиеленіс АҚШ-тың Бостандық аралына басып кіруді көздеген «Мангуст» операциясынан басталған болатын. Ал КСРО оған жауап ретінде «Анадырь» атты әскери жоспар жасап, Кубаға өзінің қуатты ракеталарын апарып

орнатуға шешім қабылдаған еді. Сөйтіп сол жылдың шілдесінде Кариб теңізі акваториясына қарай кеңес жауынгерлерінің алғашқы тобы жасырын түрде жіберілген-ді. «Анадыр» операциясының басты ерекшелігі оның өте құпия жағдайда жүргізілгендігінде дер едік.

Қарсы жақ ядролық заряды бар кеңес ракеталарының өз іргесіндегі ел – Кубаның старттық алаңында тұрғанын 4 ай өткен соң ғана көріп, қатты әбігерге түскен. Бармағын тістеген АҚШ әскери ведомствосы басшылары бұған жауап ретінде «Юпитер» атты өз оқтұмсықтарын Түркия аумағына орналастырып, КСРО-ға бағыттап қоюға пәрмен берген. Содан Н.Хрущев пен Дж.Кеннеди 10 күн бойы кез келген сәтте басып қалуға дайын болу үшін саусақтарын «қызыл түймеде» ұстап отырған.

Кариб дағдарысы дегеніміз міне, осы еді. Оған сол кездері әртүрлі кемемен үстілеріне жай азаматтық киім киген, қолдарында турист, ауыл шаруашылығы маманы, жұмысшы, оқытушы деген құжаты бар 44 мыңға жуық кеңес офицерлері мен жауынгерлері жіберілген-тін. Біз жоғарыдағы өзіміз айтқан «Жат жерде» атты мақаламызда сол жағдайды баяндап, олармен бірге қазақ ұландарының да болғандығын, солардың бірі қарағандылық Элс Мұқатовтың Куба жеріндегі тағдырын айтқанбыз. Осыны оқыған Мұқан Сабыров атты азаматтың көп кешікпей Жамбыл облысынан редакцияға телефон соққаны есімізде. «Ондай адамдар бізде де бар, – деген болатын сонда ол кісі. – Мүмкіндік туып жатса, келіп қайтыңыз. Жолықтырамыз». «Жарайды, – деп жауап бергенбіз бұған. – Жағдайға карап көрейік».

...Енді міне, сол тақырыпты зерттеп көру үшін Мойынқұмда отырмыз. Әңгіме иесі – Сембай Әбдіқадыров есімді қария. 1939 жылы осындағы Коминтерн бөлімшесінде өмірге келген ол 1957 жылы орта мектепті бітіреді. Содан соң аупарткомда техникалық хатшы, ұжымшар комсомол комитетінің жетекшісі болады. Өстіп жүргенде армия қатарына шақырылып, Ленинград әскери округіне барып түседі де сондағы жалпы әскери бөлімде қызмет атқарады. Елгезек қимылы, тәртіптілігі және төзімділігін байқаған басшылар оны аз уақыт ішінде-ақ взводтағы аға барлаушы дәрежесіне көтеріп, ефрейтор атағын береді. Партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылдап, үлгілі қызметі үшін еліне қысқа мерзімді демалысқа жібереді.

– Әскери бөлімге қайтып келгенімде, – дейді ақсақал, – күн сайын суретке түсіріп, анкета толтырту басталды. 3-4 адамдық комиссия күтпеген жерден шақырып алады да: «Қиын жағдай бола қалса, оған дайынсыздар ма? – деген сұрақтың астына алады. Қарсы жауап беруге қауқар қайда? Сол кездегі патриотизм рухымен: «Отан әміріне әзірміз! Берілген бұйрықтан бас тартпаймыз!» – дейміз тақ-тақ етіп.

Содан жарты ай өткен соң жорық дабылы қағылды да біз солтүстікке қарай бет алдық. Түні бойғы жолды жабық жүк машинасының үстінде өткізгеніміз есімде. Таң атқанда: «Келдік. Сапқа тұрыңдар!» – деген сөзбен жерге түсіп қарасақ, теңіз жағасындағы үлкен портта екенбіз. Қарсы алдымызда толқынмен тербетіліп, тұмсығында «Альметьевск» деген жазуы бар үш қабат үйдің биіктігіндей аппақ алып жолаушылар кемесі тұр. Төңірегінде үлкенді-кішілі баржаларға жүк тиеп жатқан ұзын мойын крандар көрінеді. Осыларға аңтарыла қарап тұрғанымызда, алдымыздағы кемеңіз бүйірі ашылып, оның бір бөлік қабырға темірі екі ортаға «көпір» болып тұра қалды. Сол-ақ екен командирлеріміз

колоннадағы ПТ-76 танкілері мен Урал ЗИС-ке орнатылған ЗПУ-2 қондырғыларын әлгі «өткелмен» трюмге кіргізуге бұйрық бере бастады.

Сембай ақсақал осы жерге келгенде сәл үнсіз қалды. Сөйтті де ойын жинақтап алып, әңгімесін қайта жалғады. Одан ұққанымыз: жауынгерлер кемеге тиеліп болған соң, бұларға полк командирі келеді. Американ империализмі, оның адамзатқа жасап отырған зұлымдығы жөнінде зілді сөз қозғайды. Соның бір көрінісі ретінде олардың жас мемлекет Кубаны басып алмақ болып отырған арам пиғылын айтады. Кеңес Одағының бұған ешуақытта да жол бермейтінін, Бостандық аралы тұрғындарының жарқын болашағы үшін қандай да қимылдан бас тартпай жәрдемдесетінін тілге тиек етеді. Соның нақты дәлелі ретінде партия, үкіметтің ұйғарымымен өздерінің мұхиттың ар жағындағы бейбітсүйгіш ел – Куба халқы алдындағы интернационалдық борыштарын өтеуге аттанатындарынан хабардар етеді.

Әскери басшылықтың айтқаны – заң. Олардың берген бұйрығы талқыланбайды. Орындалады. Осы қағида бойынша жиыннан кейін бұлардан жалпы каютадағы арнаулы бөлімге барып, өздерінің құжаттары мен жеке заттарын өткізу талап етіледі. Содан соң үстеріндегі әскери формалары жиналып алынып, оның орнына әрқайсысына шолақ жең жейде, кең балақ шалбар, тебетей тақиялар мен кенеп туфли сияқты жаздық киімдер үлестіріледі. Жауынгерлер осындай қарбалас жұмыстардан соң ғана барып сыртқа шыққанда, өздері мінген кеменің екпіндей жүзіп, жағалаудан әлдеқашан ұзап кеткендерін, маяк мұнарасының мүлдем артта қалып, үлкен теңіз айдынына шыққандарын көреді.

– Кемедегі күнделікті өмірлеріңіз... Оған қалай қалыптастыңыздар? Мұхиттағы су жолы... Қандай маршрутпен жүрдіңіздер? Осы сапар кезінде күтпеген жағдай, оқыс оқиғаға кездесіп қалған жайттар болды ма?

– Біздің келе жатқан жеріміз Балтық теңізінің аумағы екен, – деді бұған Сембай ақсақал. – Кемеміз онымен жүзіп отырып үйлері готикалық стильмен салынған портты орағытып өтті. «Швеция», – десті командирлеріміз. Одан соң көзімізге орта ғасырдан қалған қорғандары бар жағалау көрінді. Бұл Дания екен. Осылайша Ла-Манш бұғазына келіп жеттік те Атлант мұхитына шықтық. Көретініміз – бірін-бірі баса көктей алға ұмтылған таудай толқындар. Олармен бірге жарқ-жүрқ етіп ауаға секірген ақбауыр акулалар... Басқа ештеңе жоқ. Төңірек шетсіз де шексіз су айдыны...

Ал енді осы сапардағы күтпеген жағдай дегенге келер болсақ... Иә, осылайша 10 күн өткен. Келесі тәулікте: «Алыстан ұшақ көрінеді», – деген хабар тиді құлағымызға. Оны естісімен командирлеріміз негізгі құрамға каюталардан шықпауға бұйрық берді де қалған топты соның алдындағы саяси сабақта жаттығып, пысықталған көз алдау кейпіне көшірді. Атап айтқанда палубада біріміз газет оқып отырған турист, екіншіміз доминоның қызығына берілген аспаз, үшіншіміз аунақшыған мұхит көрінісін полотноға түсіріп жатқан суретші, төртіншіміз күнге қыздырынып маужыраған жолаушы бейнесінде әр жерге шашырап отыра қалдық. Жақындағанда байқадық, әуеде ойқастаған АҚШ-тың қос моторлы әскери ұшағы екен. Ол төмен қарай екі рет шүйіліп келді де көлігіміздің жолаушылар кемесі екеніне көз жеткізіп, ондағы біздің қол бұлғаған бейқам кейпімізді көріп, кері қайтып кетті.

Әңгімені бұдан әрі жалғар болсақ, кеңес жауынгерлері мінген «Альметьевск» жолаушылар кемесі Кариб теңізіне 14 күн дегенде кештете жетіп, Куба жағалауындағы шағын портқа зәкір тастайды. Кейіпкеріміз кейін барып білсе, бұл Санта-Клара қаласы екен. Міне, осы жерде оларды Бостандық аралының тұрғындары шат-шадыман жүзбен қарсы алады. Фидель Кастроға ұқсатып сақал қойып, иықтарына автомат асынған халық жасағының жігіттері траппен түсіп келе жатқан Сембай секілді замандастарына қол беріп, сигар сыйласа, қарттары банан мен кокос жаңғағы бар себеттерін көтеріп алдарынан шығады. Порттағы осындай іңір қараңғылығындағы дабыр-дұбырмен бірге кеме трюміне тиеліп әкелген танктер мен автомашиналар да жағалауға жеделдетіліп шығарыла бастайды. Колонна орнынан қозғалғанда, кеңес жауынгерлері тағы бір көңіл толқытарлық жағдайдың куәсі болады. Түн ортасынан ауып кетсе де қала халқы ұйықтамапты. Жасынан жасамысына дейін көшеге шығып, қуана қол бұлғап тұр. Сөйтіп орталық алаңнан өткенше-ақ бұларды гүл шоқтарына көміп тастайды. Осындай қошеметпен біз сөз етіп отырған полк орманды алқапқа келіп кіреді. Сөйтеді де келесі күннен бастап онда траншеялар қазып, ПТ-76 танктері мен ЗПУ-2 қондырғылары орнатылған Урал ЗИС машиналарын жасыратын бекіністер сала бастайды. Көп кешікпей сол жерден гарнизон штабы құрылысын жүргізу керек деген бұйрық келеді. Содан Сембай Әбдіқадыров қызмет ететін полк 4 ай осы жұмыспен шұғылданады. Одан кейінгі 3 ай әскер қатарына шақырылған Куба жастарын ПТ-76 танкісін жүргізіп үйретуге кетеді.

– Маған қояр келесі сауалыңды айтпай-ақ түсініп отырамын қарағым, – деді осы араға келгенде қария. – Ол: «Бұл ел соғыс жағдайында болғандықтан, онда тасыр-тұсыр атысты бастан кешірдіңіз бе, жер дүниені күңіrentкен зеңбірек үнін естідіңіз бе?» – деген сұрақтар ғой. Жоқ, құдайға шүкір, біз тұрған аймақ ондайдан аман болды. Рас, апта сайын гарнизонда әскери дабыл қағылатын. Артынан мұның бәрі тексеру үшін екені айтылып, жауынгерлер казармаларға қайта оралатын. Ал, бірақ... Иә, бірақ теңіз жағасында түрлі қақтығыстар болып жатты. Ол арғы беттен түн жамылып келіп, Куба жерінде тұрақсыздық жағдайын орнатуға тырысқан жалдамалыларға қарсы шайқас еді. Осыларды ұзынқұлақтан естіп жатсақ, АҚШ-тың Куба әуе кеңістігін бұзған U-2 барлаушы ұшағының Баньес елді мекені маңайында атып түсірілгені туралы суретті көзімізбен көрдік. Бұл «Гранма» газетіндегі Фидель Кастро бастаған үкімет адамдарының құлаған жау ұшағы жанында бейнеленген фото болатын.

Саяси сабақта мұны Куба қырғилары атып түсірді деп насихаттап жатты. Ал шын мәнінде бұл кеңестік сайыпқырандардың ісі еді. Неге десеніз, U-2 барлаушы ұшағы 24 шақырым биіктікте маневр жасап келе жатқан. Ондай қашықтыққа Фидель зениткаларының оғы ешуақытта жете алмайтын. Бұған тек сол кездегі Бостандық аралына орнатылған кеңестік реактивті қондырғылардың ғана мүмкіндігі бар еді. «Неге?» дейсіздер ғой. 1960 жылғы Пауэрс оқиғасын еске алайықшы. Ираннан ұшып шығып, КСРО-ның батыс бөлігін басып өтіп, Норвегиядағы НАТО аэродромына барып қонбақшы болған ол Свердловскіге жете бергенде атып түсірілді ғой. Сондағы барлаушы ұшақ осы U-2, ал оны әуедегі 22 шақырымдық қашықтықтан құлатқан Приволжье әскери округіндегі реактивті қондырғыдан жіберілген снаряд болатын. Осыны жақсы білетін америкалық әскери сарапшылар Куба аспанындағы жоғарыдағы жағдайдан кейін кәдімгідей сескеніп қалғаны бар. Сол іш жиюдың арты жылымыққа ұласып, Кариб дағдарысының бейбіт түрде шешілуіне жол ашыла бастады.

– Жоғарыдағы әңгімелеріңіздің арасында сіз Куба жеріне келгеннен бастап ондағы халық жасағы мүшелерімен бірге құрылыс салғандарыңызды, сол ел жауынгерлерін танк жүргізуге үйреткендеріңізді айтып қалдыңыз. Сонда...

– Бір-бірлеріңізді қалай түсіндіңіздер дейсің ғой. Оның бәрі аудармашылар арқылы жүзеге асқан шаруалар шырағым. Бір взводта бір тілмаш қызмет етті десем еш қателеспеймін. Олар да сол кездегі біз сияқты өрімдей жастар болатын. Көбі Мәскеудің Патрис Лумумба атындағы халықтар достығы университетінің түлектері еді. Мәселен, бізге бекітіліп берілген Мигель есімді жігіт осы жоғары оқу орнын бітірген азамат-тын.

– Кубадағы өзіңіз қызмет еткен полк кеңес әскерлерінің сондағы шектеулі контингенті ғой. Ықтимал соғыс аймағындағы осы қарулы құрылымда өзіңізден басқа қазақтар, қазақстандық басқа ұлт өкілдері болды ма? Болса олар кімдер еді? Содан соң... Иә, содан кейін елге қашан оралдыңыздар. Қайтар жолда ешқандай «Одиссей оқиғалары» болған жоқ па?

– Онда біздің ел азаматтары неге болмасын, болды. Олар: Жамбыл облысынан Керей, Қостанайдан Қанат, Талдықорғаннан Пернебек деген жігіттер еді. Кереймен 70-80-жылдары облыс орталығына барғанымда кездесіп, әңгімелесіп жүрдім. Жол жөндеу мекемесінде «К-700» тракторының жүргізушісі еді. Әсия атты зайыбы, Нұржан деген баласы болды. 90-жылдардан бері хабарсызбын. Ал Қостанайдағы Қанат пен Талдықорғандағы Пернебекті әскерден оралғаннан кейін көргенім жоқ. Кубада бұлардан басқа Александр Завертаев, Анатолий Колбас деген жолдастарым да болды. Олар осы Мойынқұмның жігіттері-тін. Елге келген соң араласып тұрдық. Жақсы қарым-қатынаста ғұмыр кештік.

...Жә, әңгімеді аяқтайын. 1963 жылдың қыркүйек айында гарнизонда үлкен жиын болды. Онда Гаванадан үкімет адамдары келіп, бізге рахмет айтты. Полкымыздағы біраз офицерлер мен жауынгерлерге алғыс хат тапсырды. Олардың арасында кіші сержант мен де бар болып шықтым. Ертесінде елге қайтатынымыз туралы хабар естідік. Қуанышымызда шек жоқ. Командірімізбен бірге сол күні Куба астанасына барып, екі күн қала араладық дейсің. Қолыңа ұстап көр, қарағым. Мынау сол саяхатымыздан қалған белгі.

Сембай ақсақал осы сөздерді айтты да бөлмедегі кітап сөресінен бір сувенирді алды. Бірден байқадым, ұлутас. Кәдімгі теңіз жәндігінің қабыршағы. Кубалықтар мұны мұхит жағалауынан жинап алып, олардың ішіндегі қызық кейіптегі, түрлі пішіндегі тас қабықтарды өңдейді. Сөйтіп туристерге сыйкәде етіп сатады. Мұны білетінім, жастар мен студенттердің 1985 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік XII фестивалінде республикалық жастар газетінің тілшісі ретінде «Космос» павильонындағы 111 елдің қолөнер бұйымдары қойылған ынтымақтастық базарында болғаным бар. Сонда Куба көрме салонындағы Хосе Луис есімді сатушы жігіт менің құлағымға құйтақандай ұлутасты қайта-қайта тосып, шала орысшасымен: «Не естідіңіз?» – деп жымындай күлгені әлі көз алдымда. «Желдің гуілін, өзеннің гүрілін, теңіздің шуылын», – деп жауап бергенмін оған. Шынында да солай еді. Ол ұлутастың ішінен сонда үілдеген бір ғажайып дыбыс шыққан.

Сол есіме түсіп, ақсақал қолыма ұстатқан ұлутасты құлағымға тостым. Осыдан 33 жыл бұрынғы естіген таныс дыбыс. Үілдеген жел, гүрілдеген өзен шуылдаған теңіз үні...

«Біледі екенсің ғой», – деп күлді қимылымды қадағалап отырған қария. «Иә, хабарым бар», – дедім жымыып үй иесіне. Сөйттім де 1985 жылғы Мәскеу оқиғасын айттым. Ал ол кісі өз кезегінде Кубадан алып келген ұлутас тарихынан сыр шертті. Бұл әңгімеден ұққаным, ертең елге қайтамыз деп Гаванада дүкен аралап жүрген бұлар сатушы қызбен танысып қалады. Қоштасарда бойжеткенге бір жауынгер естелікке пилоткасындағы қызыл жұлдызды, екіншісі кеудесіндегі ВЛКСМ деген жазуы бар комсомол значогын береді. Бұған риза болған сатушы Сембай ағамыз бастаған жауынгерлерге бір-бір ұлутас сувенирін сыйлайды. Мына сыйкәде міне, сол екен.

...Содан бір аптадан кейін кейіпкеріміз қызмет ететін полк жауынгерлері елге қайтады. Солардың бірі Сембай аға Әбдіқадыров Мойынқұмға келісімен бірден осындағы Көктерек кеңшарындағы ұйымдастыру жұмыстарына кірісіп кетеді. Уақыт өте келе аудандық «Білім» қоғамында жауапты хатшы, аупарткомда нұсқаушы қызметін атқарып, Жамбыл кеңшарында парторг болады. Одан кейін Талдыөзекте ауылдық кеңес төрағасы, Хантау кеңшарында жұмысшылар комитетінің басшысы ретінде ізгі із қалдырып, зейнетке шығады.

– Мұнда келгенің, қолдағы құжатты көзбен көріп, әңгімелескенің жақсы болды қарағым, – деді кетерімде Сембай ақсақал. – КСРО кезінде отты нүктелер деп аталатын шет жерге барған отандастарымыз онша көп емес қой. Соларды көзі тірі кезінде іздеп тауып, сөйлесіп қалсаңдар қандай ғанибет болар еді. Мәселен Египет, Ангола, Вьетнамда әскери қызмет атқарған қандастарымыздың өмірі... Айтылмаған тағдыр, ашылмаған ерлік парақтары ғой бұлар.

«...Және жазылмаған тарих беттері де», – дедім мен іштей күбірлеп.

Жанболат АУПБАЕВ